

Е.Д.ИСАКОВ^{1*}, О.Б.МАЗБАЕВ², Е.Р. АБИКБАЕВ¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),

²Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
erlanchik-89@mail.ru, ordenbek@mail.ru, laiskhanov@gmail.com

БОЛАШАҚ ГЕОГРАФИЯ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ҚҰЗЫРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КОМПОНЕНТТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада, география студенттерін құзыреттілік тәсіл негізінде туристік-өлкетану жұмыстарына дайындаудың теориялық негіздері мен компоненттері қарастырылды. Болашақ география мұғалімдерін дайындауда мотивациялық, белсенді-танымдық және зерттеу құзыреттерін жетілдірудің маңыздылығы айқындалды. География мұғалімдерінің кәсіби дайындығын ұйымдастыру бойынша зерттеулердің аналитикалық шолуына сәйкес, студенттерге туристік – өлкетану жұмыстарын жүргізетін географ оқытушы екендігі талқыланды. География студенттерінің туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптасыру жолында мотивациялық және эмоциялық-құндылық; белсенді-танымдық және пәндік-кәсіптік жаңа білім алу мен өзін-өзі дамыту және зерттеу құзыреті компоненттерінің маңыздылығы анықталды. Теориялық талдау, нақтылау және жинақтау әдістерін пайдалана отырып география студенттерінің туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастырудың моделі жасалды. Сондай-ақ, болашақ география мұғалімі үшін айқындаушы құндылықтар болған білім беру, сенімділік, әділдік, өзін-өзі бағалау, төзімділік, шығармашылық, жұмысқа деген қызығушылық кәсіби тәжірибе болып табылатындығы нақтыланды. Бұл құндылықтар болашақ география мұғалімдерінің туристік – өлкетану жұмыстарын жүргізу үшін қажет. Сондықтан, біз, географ-студенттердің өз бетінше ойлау қабілетін дамыта отырып, салыстыру, логикалық байланыстар орнату үшін арнайы танымдық міндеттерді қолдандық. Географиялық жоғары білім беруді реформалаудың негізгі бағыттарының бірі және туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастыру технологиясы ретінде - құндылық және дүниетаным саласын, қоршаған ортаны көру, сезіну және түсіну, бағдарлану, тұлғалық өзін-өзі жетілдіру, танымын игеруі және іс-әрекет тәжірибесінде болуы қажет құзыреттер география студенттерінің туристік-өлкетану жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді деп қорытамыз.

Түйін сөздер: құзыреттілік компоненті, география студенттері, туристік-өлкетану жұмысы.

Кіріспе. Педагогикалық білім беруде құзыреттілік тәсіл студенттерді оқытудың мақсаты ретінде кәсіби (интегралды, жалпы бағдарламалық және арнайы кәсіби) құзыреттер жиынтығын алу және білім беру процесін құрылымдау үшін қажет. Сондықтан, зерттеуге сәйкес, болашақ география мұғалімдерін (студенттерді) құзыреттілік тәсіл негізінде туристік-өлкетану жұмыстарына даярлау кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болмақ. Осы орайда, болашақ география мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен оның құрылымын тал-

дауда Д.Глессер [1], О.Браславский [2], О.Мазбаев [3] сияқты ғалымдардың зерттеу жұмыстары құнды болып табылады.

Болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасу дағдарысын жеңуі – білім беру процесінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін және оқыту жүйесін құруды көздейтін кәсіби мамандарды даярлау мәселелерінің бірі. Бұл жүйе инновациялық технологияларды, кредиттік-модульдік оқыту жүйесін пайдалану арқылы оқытушы мен студенттің ынтымақтастығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, құзыретті маманды даярлауға, оның танымдық қызметін жандандыруға,

дербестікті, моральдық және идеологиялық ұстанымдарды дамытуға ықпал етеді.

Осы орайда, Л.Запорожец болашақ география мұғалімін даярлау процесіне, заманауи технологияларды енгізе алатын мұғалімдерге қойылатын талаптар мен олардың кәсіби дайындығының нақты жағдайына назар аударады [4]. Ол, болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану жұмыстары мен құзыреттілік компоненттерінің мүмкіндіктерін зерттеп, география мұғалімін даярлауда мотивациялық, танымдық және зерттеу құзыреттерін жетілдірудің маңыздылығын анықтады. Сондықтан, біз, география студенттерін құзыреттілік тәсіл негізінде туристік-өлкетану жұмыстарына даярлаудың маңыздылығын ескере келе, зерттеу мақсаты ретінде «болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану құзыреттілігін қалыптастырушы компонент құрамының тиімділігін анықтауды» алдық. Сәйкесінше зерттеу міндеттеріне туристік-өлкетану құзыретінің компоненттері кірді:

- мотивациялық және эмоционалды-құндылық;
- белсенді – танымдық және пәндік-кәсіптік жаңа білім;
- өзін-өзі дамыту және зерттеу құзыреттері.

Зерттеудің болжамы: Географиялық білім беруде студенттердің туған өлкенің ерекшеліктерін зерттеу мен танымын арттыру мақсатында, білім беру процесіне педагогикалық технологияларды енгізу аясында, болашақ география мұғалімдерін туристік-өлкетану жұмыстарына даярлау және оған қажетті компоненттерді анықтау табылады.

Жүргізілген зерттеу жұмысы «География» студенттеріне туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті құзыреттерді қалыптастыру компоненттерін анықтап, моделін ұсынады.

Негізгі бөлім. Қазіргі кезде әлемдік деңгейде болашақ мұғалімдерді құзыреттілік тәсіл негізінде дайындаудың тиімділігі дәлелденді, себебі, бұл білім беру процесінің барлық буындарының мазмұнына сәйкес,

студенттердің туған өлкесін тану бойынша тиісті білім деңгейіне, іскерлік дағдыларына, дербес зерттеу жұмыстарына қол жеткізуге, оқуға деген ынтасын күшейтуге және жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді [5]. Осы орайда, болашақ география мұғалімдерін ізденуші, зерттеуші, туған жер аумағының ерекшеліктерін ашушы ретінде даярлауда туристік-өлкетану компоненті жетекші рөл атқарады.

Географиялық білім беруде туристік-өлкетану компоненті білім беру тәсілдерін жаңартуға, педагогикалық технологияларды енгізуге, сондай-ақ, студенттердің туристік-өлкетану жұмыстарын жаңғыртуға мүмкіндік береді. Алайда, кәсіби маманды қалыптастырудың тиімді құралы ретінде туризм мен өлкетанудың жеткіліксіз дамуы, болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану жұмыстарын дайындау процесіне өзгерістердің қажеттілігін көрсетеді.

Болашақ география мұғалімдерін туристік – өлкетану жұмыстарына даярлау мәселесі отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан кең көлемде зерттелмеген, оның үстіне бар еңбектердің сапасы сын көтермейді. Болашақ география мұғалімін дайындауға деген көзқарастардың алуан түрлілігінен бұл проблема шешімін таппай келеді. Ғалымдар тек кейбір аспектілерді қарастырып, атап өтті, оған: болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану жұмыстары рөлінің өсуі, мектептегі сыныптан тыс туристік-өлкетану зерттеулерінің әдістемелік жүйесін жетілдіру, өлкетану туралы ақпарат саласын кеңейту және білім берудегі туристік іс-шараларды ұйымдастыру кірді [6]. География мұғалімдерінің кәсіби қызметінде туристік-өлкетану жұмысы маңызды рөл атқарады, оған дайындық қазіргі заманның қажеттіліктерін ескере отырып, құзыреттілік тәсіл негізінде жүргізілуі тиімді болмақ.

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулері аясында туристік-өлкетану жұмыстары болашақ география мұғалімдерінің тұрақты танымдық қызығушылығын қалыптастыруға, туған өлкенің ерекшеліктерін зерттеуге құндылық қатынасты, практикалық өлкетану міндеттерін орындау үшін білім

жиынтығын алу процесі ретінде түсінеміз. Бұл, танымдық және зерттеу іс-әрекеттерін жүзеге асыруға бағытталған оқытушы мен студенттің бірлескен іс-қимыл жүйесі аясында жүзеге аспақ.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын ұйымдастыру бойынша зерттеулердің аналитикалық шолуы кәсіби қызметтің кәсіби бағытының ерекшелігіне сәйкес студенттермен туристік-өлкетану жұмыстарын жүргізетін географ-оқытушы екенін дәлелдейді. Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде туған өлке, туризм және өлкетану ұғымдары, олардың өзара байланысы, мінез-құлық формалары, функциялары қарастырылады, ал өлкетану қағидаты оқытудың негізгі қағидаттарының бірі ретінде анықталады [7].

«Аймақ», «туған өлке», «өлкетану», «туризм», «өлкетану және туристік жұмыс», «болашақ география мұғалімдерін даярлау» ұғымдарының мазмұнын талдау «болашақ география мұғалімдерін туристік-өлкетану жұмысына даярлау» түсінігін анықтауға, туған өлкенің ерекшеліктерін зерттеу және жинақталған материалды өлкетану мен туризмде, педагогикалық қызметте пайдалану қабілетін қамтамасыз ететін жеке қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының еңбек нарығындағы өзгерістер мен білім беру қызметтері саласындағы өзгерістер болашақ география мұғалімдерін кәсіби даярлаудың тұжырымдамалық негіздерін өзгертуді талап етеді. Бұл міндеттерді жүзеге асыру оқытушыға кәсіби білім беруді ғана емес, сонымен қатар кәсіби іс-әрекеттер мен қарым-қатынас қабілеттерін қалыптастыруды, жеке танымдық тәжірибені және кәсіби біліктілігіне сәйкес маңызды қасиеттерді дамытуды талап етеді.

Білім берудегі құзыреттілік тәсіл болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға және білім беру парадигмасын біртіндеп қайта бағдарлауға бағытталған. Құзыреттілік қазіргі заманғы көп факторлы әлеуметтік-саяси, ақпараттық және коммуникациялық кеңістікте тұрақты өмір сүру қабілетін айқындайтын құзыреттер

жиынтығын меңгеруді және дағдыларын қалыптастыруды білдіреді [8; 9]. Болашақ география мұғалімдерін құзыреттілік тәсіл негізінде туризм және өлкетану жұмысына даярлау нәтижесі туристік-өлкетану құзыреттілігі сияқты кәсіби құзыреттілік компонентін қалыптастыруы болып табылады.

Сонымен, болашақ география мұғалімінің туристік-өлкетану құзыреттілігі – бұл кәсіби дайындық барысында қалыптасатын тұлғаның сапалық сипаттамасы, мұнда саяхаттар, жорықтар, экспедициялар кезінде туған өлкенің ерекшеліктерін зерттеудің жеке практикалық тәжірибесін алу мақсатында танымдық іс-әрекеттерге басымдық беріледі. Ол студенттердің туристік-өлкетану білімін алу қажеттілігі мен қабілетін, туристік-өлкетану мақсатын айқындау мен міндеттерін шешуге дайындығын, сонымен қатар, алған білімдерін туристік-өлкетану іс-әрекеті әдістерін кәсіби қызметте қолдана білуімен сипатталады. Мұндай болашақ география мұғалімі оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырушы, тәлімгер және кеңесші болып табылады.

Зерттеудің әдіснамасы. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы «География» студенттерінің туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптасыру жолында, компоненттік құрамы: «мотивациялық және эмоциялық-құндылық»; «белсенді-танымдық және пәндік-кәсіптік жаңа білім алу» «өзін-өзі дамыту және зерттеу құзыреті» болған, туристік-өлкетанудың ішкі компоненттерін, теориялық: талдау, нақтылау, жинақтау әдістерін қолдана отырып география студенттерінің туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастырудың моделі жасақталды. Модельдің әдіснамалық-құрылымдық бірлігіне: *туристік-өлкетану құзыретін қалыптастыру компоненттері* (мотивациялық және эмоционалды-құндылық, танымдық және кәсіптік жаңа білім алу, өзін-өзі дамыту және зерттеу құзыреті); *педагогикалық әдістемелік тәсілдер* (жүйелік, тұлғалық-әрекеттік, құзыреттілік); *педагогикалық ұстанымдар* (ғылымилық, бейіндік, тәжірибеге бағдарлану);

педагогикалық жағдайлар (туристік-өлкетану танымын ынталандыру, жұмысты ұйымдастырудың тәжірибелік-бағдарлы сипаты, «Туристік-өлкетану турмаршрутын ұйымдастыру және өткізу негіздері» оқу пәнін енгізу) және туристік-өлкетану құзыретінің қалыптасу деңгейлері (туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдасыруда сауаттылық, жүйелі ойлау, туристік-өлкетану ісіне құзыреттілік) кіреді. Модельдің нысаналы блогы шеңберіндегі мақсат (болашақ география мұғалімдерін құзыреттілік тәсіл негізінде туристік-өлкетану жұмысына даярлауды жетілдіру), міндеттер (оң уәждемені қалыптастыру, студенттерге пәндік білім мен туристік - өлкетанудың зерттеу дағдыларын,

жеке қасиеттері мен құзыреттерін беру) әрекет етеді.

Зерттеу нәтижелері. Болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану құзыреттілігі жайлы әлемдік және отандық ғалымдардың көзқарастарын ескере отырып, болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану құзыреттілігін нақты құрылымдау керек екендігі туралы қорытындыға келеміз. Біз оны қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау үшін зерттелетін құбылыстың компоненттік құрылымын қарастырдық. Сондай-ақ, туристік-өлкетану құзыретін қалыптастырудың өзіндік құрылымдық моделі негізінде барлық компоненттерінің мүмкіндіктері талқыланды (1-Сурет).



Шартты белгілері:

- Құзыретті қалыптастыру компоненттері
- Стратегиялық және тактикалық мақсат
- → Педагогикалық компоненттік жабдықталуы
- - - - - → Түпкі нәтижесі

Сурет 1. Туристік-өлкетану құзыретін қалыптастырудың өзіндік құрылымдық моделі

Педагогикалық және кәсіби (туристік-өлкетану) әдебиеттерді талдаудың нәтижесінде мотивациялық, танымдық және белсенді компоненттерінің маңыздылығын анықтадық. Олар келесідей ішкі компоненттерден тұрады: *мотивациялық және эмоционалды-құндылық*, туристік-өлкетану жұмыстарының құндылықтарын ынталандыру; білімді жетілдіру қажеттілігін анықтау, ойлауды дамыту процесін ынталандырады; *белсенді-танымдық және пәндік-кәсіптік жаңа білім алуға*, туристік-өлкетану іс-әрекет әдістерін игеруге қажетті білімнің, дағдылардың, танымдық қабілеттердің және дағдылардың болуын болжайды; *өзін-өзі дамыту және зерттеу құзыреті*, қойылған мақсатқа жету және кәсіби қызмет тәжірибесін алу іс-әрекеттерін қамтиды.

Туристік-өлкетану құзыретінің барлық компоненттері өзара тығыз байланысты. Біздің ойымызша, болашақ география мұғалімдерін кәсіби қызметке, туризм және өлкетану жұмысына даярлау кезінде туристік-өлкетану құзыреті өзіндік құрылымды қамтамасыз ететін өзекті және өнімді тәсіл болып табылады. Бұл білімге және туристік-өлкетану дайындығына мотивациялық-құндылық қатынасты қалыптастыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Атап айтқанда, болашақ география мұғалімінің туризм мен өлкетану саласындағы ақыл-ой қабілеті, терең білімі; зерттеу іс-қимылдарына дайындықты, туристік және өлкетану зерттеулер практикасында кәсіби даму қабілетін қалыптастыру, оларды іске асыру үшін педагогикалық алгоритмді таңдау немесе құру дағдыларын қалыптастыру. Географ студентке белгілі бір сипаттамаларды беру құралы студенттің тәжірибесі болып табылады, оның негізінде туристік-өлкетану құзыреттері қалыптасады. Туристік-өлкетану құзыретін қалыптастыру компоненттері:

1. *Мотивациялық және эмоциялық-құндылық компоненті*. География студенттерінің жұмысында эмоциялар маңызды рөл атқарады, өйткені олар адамның қиялын шоғырландырады және оны іс-әрекетке бағыттайды. Туризм және өлкетану сабақтары кезіндегі жағымды эмоционалдық

жағдай, эмоциялық қанағаттану көзінің болуы географ-студенттердің туристік-өлкетану құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Мотивацияның субъективті көрінісі – бұл адамның іс-әрекеті процесінде пайда болатын және сонымен бірге осы әрекетті ынталандыратын эмоциялар. Е.Ильин эмоционалды және мотивациялық процестердің функционалды бірлігін бөліп көрсетеді [10].

Эмоциялар теориясын жасаушы Е.Ильин теріс және жағымды эмоцияларды ажыратады [11]. Теріс эмоциялар – бұл толқу, мазасыздық, қорқыныш, үмітсіздік, реніш, көңілсіздік, ашу, қайғы және т.б. Ал оң эмоциялар - бұл ләззат, қуаныш, көңілді, таңдану, қызығушылық, әзіл сезімі, сенімділік және т.б. [11, Б.68], олар география студенттерінің туристік-өлкетану жұмыстарын бақылауға мүмкіндік береді. Туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастырудың бір бағыты – болашақ география мұғалімінің туған өлкесін зерттеу процесінде танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ақыл-ой әрекеті кезінде жағымды эмоцияларды ынталандыру.

Б.Додонов эмоцияларды процесс ретінде қарастыра отырып, сезімдер мен қабылдауды кодтайтын адамның сыртқы және ішкі әрекеттерін анықтайды [12]. Туристік-өлкетану қызметінде эмоциялар болашақ география мұғалімі өзін қаншалықты жүзеге асыра алатындығына байланысты шындықты бағалайтын фактор ретінде қарастырылады. Эмоциялар өте маңызды, себебі кәсіби қызметті ынталандыратын мотив болып табылады. Географ студенттің эмоционалды жағдайы оқу іс-әрекетінің сыртқы және ішкі мотивтеріне әсер етеді. Студенттердің туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда сенімділік, таңданыс, ләззат, күмән, қызығушылық және т.б. эмоцияларды жағымды деп санаймыз, бірақ олардың барлығы әрекетті ынталандырады. Анықталған мотивтер географ студенттердің болашақ кәсіби қызметіне, атап айтқанда туристік-өлкетану жұмысында ішкі және сыртқы ынталандыру кешендерін құрайды.

Туристiк-өлкетану жұмысының эмоционалды тартымдылығы айналадағы белгiлi заттар мен құбылыстардағы бiлiм мен жаңашылдықтың қоздырғышы ретiнде шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкiндiк бередi. Туризм мен өлкетануға деген қызығушылық географ студенттер үшiн үлкен маңызға ие. Туған өлкенiң ерекшелiктерiн зерттеуге деген қызығушылық – бұл туристiк-өлкетану ақпаратын терең қабылдауға және түсiнуге ықпал ететiн iшкi жағымды эмоция. Қызығушылық, бiлiм алуға бейiмдiлiк болашақ география мұғалiмдерiнiң туристiк-өлкетану күзiреттiлiгiнiң эмоционалды және құндылық күзiреттiлiгiнiң ажырамас көрсеткiштерi болып табылады.

Шынайы өмiрде адамгершiлiк және рухани факторлардың әсерiнен қалыптасатын болашақ мұғалiмнiң кәсiби қызметiнiң құндылықтарын дамыту маңызды. О.Тимецтiң айтуынша, «География мұғалiмiнiң дүниетанымының негiзiн құрайтын құндылық бағдарлары; өзiн-өзi бақылауды жүзеге асыруға көмектесетiн өзiн-өзi талдау әдiстерiн меңгерудi қамтамасыз етедi; жеке өзiн-өзi жетiлдiруге, кәсiбилiк пен шығармашылықты дамытуға, қызметтi реттейтiн критерийлер мен нормалар жүйесiмен жұмыс iстеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етедi. Студенттердiң iргелi және арнайы географиялық пәндердi оқуға деген құндылық қатынасы ерекше маңызды болып табылады» [13]. Сондықтан, болашақ география мұғалiмi үшiн айқындаушы құндылықтар: бiлiм беру, сенiмдiлiк, әдiлдiк, өзiн-өзi бағалау, төзiмдiлiк, шығармашылық, балаларға деген сүйiспеншiлiк кәсiби тәжiрибе болып табылатындығын атап көрсетемiз.

2. *Белсендi-танымдық және кәсiптiк жаңа бiлiм алу компонентi.* Туристiк-өлкетану күзiреттерiн қалыптастыруда мақсатты дұрыс тұжырымдау және нәтижеге жету жолдарын таңдау үшiн географ студенттер ойлау қызметiнiң ұтымды әдiстерiн игеруi керек: бақылау объектiлерi мен құбылыстарды салыстыру; оларды тұтастай талдау және синтездеу, басты нәрсенi бөлiп

көрсету, дұрыс тұжырымдар жасау, объектiлер мен құбылыстарды өзара байланысты саналы түрде қарастыру; өз ойларының ақиқатын дәлелдеу. Психологиялық-педагогикалық бағалауды В.Сластенин [8, Б.528] ақыл-ой белсендiлiгiнiң дамуына, ақыл-ой әрекеттерiнiң бiртiндеп қалыптасуына баса назар аударады. Бұл постулаттар болашақ география мұғалiмдерiнiң туристiк-өлкетану жұмыстарын жүргiзу үшiн қажет. Географ-студенттердiң өз бетiнше ойлау қабiлетiн дамыта отырып, бiз салыстыру, логикалық байланыстар орнату, туристiк ұйымдардың жергiлiктi ережелерiмен жұмыс жасауы үшiн танымдық мiндеттердi қолданамыз.

Белсендi-танымдық компонент туристiк-өлкетану жұмысының жаңа тәжiрибесiн, ғылыми бiлiм мен дағдыларды игерудi бiлдiредi, оның нәтижесi жеке даму және өзiн-өзi жетiлдiру болып табылады. М. Джордж былай деп жазады «кез-келген бiлiм алу кезiнде бiлiмнiң адам өмiрiнде алатын орнын бiлу өте маңызды, бұл нақты өмiрдiң бөлiгi ме, әлде сырттан қойылған шарт па» [14]. Педагогикалық сөздiктерде белсендiлiк адамның саналы жұмыс пен әлеуметтiк белсендiлiкке қабiлеттiлiгi, материалдық және рухани мәдениеттiң жетiстiктерiн игеру негiзiнде қоршаған ортаны және өзiн мақсатты, жүйелi түрде өзгерту шарасы деп түсiндiредi. Белсендiлiк шығармашылықта, қарым-қатынаста көрiнедi. Ис-әрекеттiң интегралды сипаттамасы – бұл тұлғаның белсендi өмiрлiк ұстанымы, ол өзiнiң принциптiлiгiмен, көзқарастарын дәйектi түрде қорғауымен, көшбасшылығымен, тиiмдiлiгiмен, ис-әрекетке психологиялық бейiмделуiмен көрiнедi.

Географ студенттердiң танымдық ис-әрекетке деген ынтасын бiлдiре отырып, олардың ис-әрекеттерi туристiк-өлкетану жұмысының мақсатына жетудiң шарты ғана емес, құралы да болып табылады. Сондықтан танымдық ис-әрекет тұлғаның өзiн-өзi дамытуының қажеттi шарты болып табылады. Бұл «студенттiң рухани, ақыл-ой, физикалық және басқа да қабiлеттерi мен бейiмдiлiктерiн қалыптастыру мен дамытудағы өзiндiк жұмысы» [15]. Гео-

графия мұғалімдерінің туристік-өлкетану жұмысында педагогикалық технологияларды қолдану олардың танымдық белсенділігі мен кәсіби қызығушылықтарының дамуына ықпал етеді. Сондықтан, танымдық қызығушылық біздің алдымызда адамның білім саласындағы таңдаулы бағыты ретінде пайда болады.

Осылайша, белсенді танымдық компонент болашақ география мұғалімдерінде танымдық белсенділікті дамытуды қамтиды, бұл студенттерге қоршаған орта туралы ақпаратты білуге деген ынтасын арттыруға ықпал етеді. Танымдық қажеттілікті, танымдық іс-әрекеттің мақсатын түсіну болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану жұмыстарының мақсатын анықтайды. Бұл стандартты емес жаяу жүру жағдайында моральдық және эмоционалды өзін-өзі реттеу, төзімділік және өзін-өзі бақылау дағдыларымен бірге жүреді.

3. *Өзін-өзі дамыту және зерттеу құзыреті компоненті.* Н.Мельник студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінің ішкі және сыртқы факторларының қарама-қайшылықты сипатына назар аударады: осы қарама-қайшылықты түсіну және оны жеңуге деген ұмтылыс тұтастай алғанда жеке дамудың қозғаушы күшіне айналады [16]. Болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану құзыретіндегі зерттеу компонентіне баса назар аудару В.Сластениннің пікірімен расталады, ол «студенттердің зерттеу қызметі жеке тұлғаның шығармашылық-ізденушілік позициясын қалыптастыру үшін таусылмайтын, соңына дейін іске асырылмайтын мүмкіндіктерге ие» деп тұжырымдайды [8, Б.523]. Зерттеу компонентін қалыптастыру нәтижесі, біз бірнеше топқа біріктірген студенттердің зерттеу дағдылары болып табылады: *туристік-өлкетану жұмысын жоспарлау қабілеті* (өлкетану зерттеуінің мақсатына қарай білім беру міндеттерін айқындау; жұмыстың соңғы нәтижесін жарты жылға немесе бір жылға жобалау; нәтижелерге қол жеткізу жолдарына айқындау; жергілікті білімді зерделеу үшін кезеңдер мен құралдарды жоспарлау; студенттермен жеке жұмысты, клуб жұмысын жоспарлау);

ақпараттық дағдылар (қажетті ақпаратты іріктеу және оны шығармашылықпен өңдеу; материалды қисынды, қолжетімді, бейнелі, мәнерлі түрде беру; студенттердің өлкетану ақпаратына қызығушылығын ынталандыру; басты және екінші кезектегі заттарды бөліп көрсету; студенттерді талқылауға ынталандыратын проблемалық тәсіл аясында материалды ұсыну; туған өлке туралы ақпаратты игеру, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін ескеру, туристік-өлкетану туралы ақпаратты іздеуде, өңдеуде және игеруде студенттердің танымдық белсенділігінің дамуына ықпал ету); *ұйымдастырушылық-басқарушылық дағдылары* (жорықта студенттердің тіршілігін ұйымдастыру, олардың қызметін туристік топтың қызметімен үйлестіру, әріптестермен және студенттермен ынтымақтастық, бірлескен қызметке қатысу сезімін қалыптастыру; әрбір студент үшін табысқа жету үшін жағдай жасау; жеке тұлғаның өзара іс-қимылы мен қабылдауының анықтығы, студентке мақсатты әсер ету, қарым-қатынастың жеке стилінің көрінісі), *талдау және өзін-өзі талдау қабілеті* (команданы және әрбір студентті түсіну; студенттердің табыстылығы мен білімділік деңгейін диагностикалау; және туристік зерттеу міндеттерін орындауға студенттердің шығармашылық көзқарасын тиісті бағалау; туристік-өлкетану жұмысы практикасында тиімді нысандарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану мақсатында басқа педагогтердің тәжірибесін талдау; қол жеткізілген нәтижелерді талдау негізінде жаңа педагогикалық технологияларды негіздеу және олардың тиімділігін көрсету; студенттерді өзінің өлкетану және туристік жұмысын талдауға және өзін-өзі талдауға үйрету).

Осылайша, зерттеу компонентін қалыптастыру оның нәтижелері – туристік-өлкетану саласындағы білім түрінде белгіленетін танымдық іс-әрекет тәжірибесін; туристік жорықтың стандартты емес жағдайларында тиімді шешімдер қабылдау дағдылары түріндегі шығармашылық қызмет тәжірибесін алуды көздейді.

Сонымен, зерттеу нәтижесін қорыта келе, география студенттерінің туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптасыру компоненттерін: «мотивациялық және эмоциялық-құндылық», «белсенді-танымдық және пәндік-кәсіптік жаңа білім алу» және «өзін-өзі дамыту және зерттеу құзыреті» жүйелік, тұлғалық-әрекеттік, құзыреттілік тәсілдері негізінде, ғылымилық, бейіндік, тәжірибеге бағдарлану ұстанымдарын және педагогикалық жағдайларын, туристік-өлкетану құзыретінің қалыптасу деңгейлерін анықтадық.

Нәтижені талқылау. Туристік-өлкетану жұмыстарында құзыреттілік тәсілді іске асыруға негіз болған жаратылыстану институттары мен кафедралар және бөлімдер деңгейіндегі оқу жоспарларын, бағдарламаларын, жекелеген құжаттар мен шешімдерді талдау педагогикалық практикада туристік-өлкетану әлеуетінің жоқтығын көрсетті. Болашақ география мұғалімдерін туристік-өлкетану жұмыстарына даярлауда ұйымдастыру шарттары мен процесіне аса назар аударылмайды. Сондай-ақ, студенттердің туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыруда, мақсат үшін тиісті нысандарды, әдістер мен құралдарды пайдалануға дайын емес екенін, оны қалай тиімді жүзеге асыруды білмейтінін анықтадық. Осылайша, жоғары оқу орындарының оқу процесінде болашақ география мұғалімдерін құзыреттілік тәсіл негізінде туристік-өлкетану жұмыстарына даярлау қажеттілігі анықталды.

Болашақ география мұғалімдерін туристік-өлкетану жұмысына даярлаудың ағымдағы жай-күйін талдау туризм және өлкетану саласындағы пәндік білім мен дағдылардың төмен деңгейінің, туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастырушының кәсіби қызметінің уәждемесі мен құндылықтарының басым екенін, туристік зерттеу дағдыларының жоқтығын, сондай-ақ жеке тұлғалық қасиеттердің жеткіліксіз қалыптасуын көрсетті. Бұл, студенттердің көпшілігі туған өлкесінің мәселелерін зерттеуді өздері үшін жеткіліксіз деп санайтындығымен түсіндіріледі [17].

Туризм мен өлкетану білімін игеру мен дағдыларды қалыптастыруға, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға оқытушының жанқиярлық күш-жігерінің арқасында қол жеткізіледі. Туристік-өлкетану құзыреттілігінің эмоционалды-құндылықты компонентін қалыптастыру болашақ география мұғалімінің жеке маңызды және құнды идеалдарының, нанымдарының, көзқарастарының жиынтығын; өлкетану құзыреттілігін кәсіби құндылықтардың бірі ретінде түсінуді; туристік-өлкетану жұмыстарын жүргізудегі өз ұстанымын білдіреді [18]. Туристік-өлкетану жұмыстарындағы танымдық белсенділікті туризм мен өлкетану саласындағы білім мен зерттеу дағдыларын игеру қабілеті, маңызды сапалық сипаттамаларды біріктіретін жеке қасиет ретінде, сондай-ақ студенттердің туған өлкесінің аумағын зерттеу бойынша мақсатты танымдық іс-әрекеттерінің көрінісі ретінде қарастырдық.

Болашақ мұғалімнің туристік-өлкетану жұмыстарын жүзеге асыруға деген ынтасын қалыптастыру, оның құндылығын және туристік-өлкетану бойынша дайындықтың сапасын жақсарту үшін жеке маңызды мотивтердің маңыздылығы, географ студенттің ғылыми зерттеулер жүргізуге құндылық қатынасы, оқу мәселелерін шешуге шығармашылық көзқараспен қарауға және оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік береді [19]. Сондықтан, жеке тұлғаның мазмұнды және мотивациялық мүмкіндігін біріктіру қажет, бұл білім мен іс-қимыл әдістерін өз бетінше игеру қабілетін қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар туристік-өлкетану жұмысын ынталандыратын танымдық қажеттіліктер мен ішкі көзқарастарды бекітуді білдіреді. Жорық контексіндегі зерттеулерге деген мұндай көзқарас туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың қазіргі деңгейі үшін өзекті болып табылады. Себебі, танымдық мотивация туризм мен өлкетану саласындағы білім беру іс-әрекетінің қозғаушы күші ретінде жаңа білім алудың орындылығын атап өту және туған жерді зерттеу қабілетін дамыту мен өзін-өзі жетілдіру дағдыларын нығайту үшін қажет.

Қорытынды. Болашақ география мұғалімдерін құзыреттілік тәсіл негізінде туристік-өлкетану жұмыстарына даярлау мәселесін зерттеудің нәтижесінде: туристік-өлкетану зерттеулерін жүргізудің әдістемелік жүйесін, өлкетану ақпаратын қолданудың аясын және туған өлке, туризм және өлкетану ұғымдарын, олардың өзара байланысын, мінез-құлық формалары мен функцияларын талдай келе туризм және өлкетанудың құзыреттілік компоненттерін анықтадық. Сондай-ақ, қазіргі таңдағы болашақ география мұғалімдерін туристік-өлкетану жұмыстарына даярлауда дәстүрлі тәсілдің үстемдігін байқадық. Туристік-өлкетану бағытындағы жекелеген кәсіби пәндер мен практикалар арасындағы байланыстың әлсіздігінен, командалық жұмыстар жоқ екендігі белгілі болды. Болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану құзыреттілігін қалыптастыруда мотивациялық-құндылыққатынасы туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру бойынша өзін-өзі дамытуға және студенттермен ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндігі дәлелденді.

Болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану құзыреттілігін қалыптастыру компоненттері мен оның тиімділік көрсеткіштері талқыланды: *мотивациялық-құндылық* (студенттің оқу процесіне деген ынтасы мен көзқарасын қалыптастыру, танымдық қажеттіліктерді қанағаттандыру ниеті, туристік-өлкетану мазмұнындағы ақпаратты есте сақтаудың, түсінудің және берудің жоғары деңгейі; туристік-өлкетану бағытында білім алуға деген ұмтылыс, туристік-өлкетану жұмысарын шығармашылықпен жүзеге асыру ниеті; туристік сапардың немесе студенттермен экспедицияның табиғи жағдайында эмоционалды тұрақтылық, танымдық-білім, жергілікті тұрғындармен туристік-

өлкетану зерттеулері саласында байланыс, студенттермен туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастырушының болашақ кәсіби қызметіне білімнің бағдарлануы; студенттерге туристік-өлкетану білімінің міндеттерін іс жүзінде орындаудың тәсілдерін білу); *өлкетану терминологиясын меңгеру, өлкетану зерттеулерінің дәстүрлі және жаңа әдістеріне бағдарлану; өз ұстанымын негіздей білу, жауапкершілік, әрекеттік-практикалық* (студент-географтың білімді тереңдетуге, жергілікті жерлерде өлкетану және туристік қызметті ұйымдастырудың, экскурсиялардың, мұражайларды ұйымдастыру жөніндегі жұмыстардың дағдылары мен біліктерін қалыптастыруға, тиісті дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған белсенді қызметі).

Болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану жұмыстарын жүргізу үшін қажет айқындаушы құндылықтар болған білім беру, сенімділік, әділдік, өзін-өзі бағалау, төзімділік, шығармашылық, жұмысқа деген қызығушылық кәсіби тәжірибе болып табылатындығы анықталды. Сондай-ақ, болашақ география мұғалімдерін құзыреттілік тәсіл негізінде туристік-өлкетану жұмыстарына даярлау моделінің компоненттері белгілі болды. Қорыта айтқанда, географиялық жоғары білім беруді реформалаудың негізгі бағыттарының бірі және туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастыру технологиясы ретінде – құндылық және дүниетаным саласын, қоршаған ортаны көру, сезіну және түсіну, бағдарлану, тұлғалық өзін-өзі жетілдіру, танымын игеруі және іс-әрекет тәжірибесінде болуы қажет құзыреттер география студенттерінің туристік-өлкетану жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Glaesser J. Competence in educational theory and practice: a critical discussion. Oxford Review of Education, 2018. <https://doi.org/doi:10.1080/03054985.2018.1493987> (өтінім берілген күні: 08.10.2019).
- [2] Braslavskaja O. & Roghi I. Interactions and hierarchies of the component composition of local lore competence of future geography teachers. Paradigms of the Modern Educational Process: Opportunities and

Challenges for Society (1st ed.), 2019. <https://doi.org/10.36074/rmerocs.ed-1.02> (өтінім берілген күні: 08.10.2019).

[3] Mazbayev O., Alieva L. & Demeuov A. Problematic issues of geographical education in Kazakhstan. E3S Web of Conferences, 2020, 166(9):10032 <http://dx.doi.org/10.1051/e3sconf/202016610032> (өтінім берілген күні: 08.10.2019).

[4] Zaporozhets, L. M. Training of future teachers for the use of educational and game technologies in the process of studying geography (Ph.D. thesis). Pavlo Tychyna Uman State Pedagogical University, Ukraine, 2015. – 127 p.

[5] Mukhtar A. Tolegena, Kussna R. Tumanovaa, Tatyana S. Shumeukoа, Saltanat A. Zhakaevaa, Kunssulu A. Zhakaevaa, Sulushash T. Aysina A. Technique for Formation of Future Teachers' Readiness for Their Professional and Pedagogic Cooperation. International journal of environmental & Science education 2016. – №9. – P.2595-2605. <http://dx.doi.org/10.12973/ijese.2016.709a> (өтінім берілген күні: 08.10.2019).

[6] Iskander E. Yarmakeev, Tatiana S. Pimenova & Gulyusa R. Zamaletdinova. Teaching Local Lore in EFL Class: New Approaches. International Journal of Environmental & Science Education, 2016. – 11(6). – P.1213-1221. doi: 10.12973/ijese.2016.391a

[7] Demeuov, A., Mazbayev, O., Aukenova, G., Kholoshyn I., & Varfolomyeyeva I. Pedagogical possibilities of tourist and local history activities. E3S Web of Conferences 2021, 280, 11011 <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202128011011> (өтінім берілген күні: 08.10.2019).

[8] Слостенин В. А., Исаев И. Ф., Шиянов Е. Н., Педагогика: Учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений /Под ред. В.А. Слостенина. – М.: Академия, 2002. – 576 б. [Электрондық ресурс]: URL: <https://pedlib.ru/Books/1/0075/index.shtml> (өтінім берілген күні: 25.12.2021).

[9] Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. – №2. – 58-64 б. [Электрондық ресурс]: URL: <http://www.char.ru/346/105286.htm> (өтінім берілген күні: 08.10.2019).

[10] Ильин Е.П. Эмоции и чувства. – СПб: Питер, 2001. – 752 б. [Электрондық ресурс]: URL: https://bookap.info/edu/ilin_emotsii_i_chuvstva_2001/byurape/2 (өтінім берілген күні: 25.12.2021).

[11] Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. – СПб.: Питер, 2002 – 512 б. [Электрондық ресурс]: URL: <https://iknigi.net/avtor-evgeniy-ilin/32357-motivaciya-i-motivy-evgeniy-ilin/read/page-1.html> (өтінім берілген күні: 25.12.2021).

[12] Додонов Б.И. Эмоция как ценность. – М.: Политиздат, 1978. – 272 б. [Электрондық ресурс]: URL: https://pedlib.ru/Books/6/0322/6_0322-2.shtml#book_page_top (өтінім берілген күні: 25.12.2021).

[13] Timets O. V. Theory and practice of formation of professional competence of the future teacher of geography in the course of professional training: the dissertation of the Ph.D. of Pedagogical Sciences. Uman, 2011. – 487 p.

[14] Marcus, George. The Psychology of Emotion. Oxford Handbook of Political Psychology, 2003. – 182-221 p.

[15] Gerasymova, I., Maksymchuk, B., Bilozeroва, M., Chernetska, Y., Matviichuk, T., Solovyov, V., & Maksymchuk, I. Forming professional mobility in future agricultural specialists: the sociohistorical context. Revista Romaneasca pentru Educatie Multidimensionala, 2019. – 11(4), – P.345-361. <http://lumenpublishing.com/journals/index.php/rrem/article/view/1604/pdf> (өтінім берілген күні: 25.12.2021).

[16] Melnyk, N., Bidyuk, N., Kalenskyi, A., Maksymchuk, B., Bakhmat, N., Matviienko, O., Maksymchuk, I. Models and organizational characteristics of preschool teachers' professional training in some EU countries and Ukraine. Proceedings of the Institute of Pedagogical Research, 2019. – 51(1), – P.46-93. <https://ipisr.org/rs/images/pdf/zbornik-51/Natalija-Meljnik.pdf> (өтінім берілген күні: 25.12.2021).

[17] Gubarenko A., Kadyrbekova D., Imangulova T., Luterovich O., Yespenbetov N. Questexcursion, asinter active form of providing excursion services in Kazakhstan. GeoJournal of Tourism and Geosites. – 2020. – №2(4). – P.1402-1409. doi:10.30892/gtg.32431-587

[18] Шаяхметова Г.М. Организация туристско-краеведческой деятельности со школьниками в условиях туристского палаточного лагеря. – Астана, 2014. [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sistemnyu-podhod-k-vospitaniyu-lichnosti-sredstvami-turistsko-kraevedcheskoy-deyatelnosti-doshkolnyu-shkolnyu-etapy/viewer> (өтінім берілген күні: 25.12.2021).

[19] Кадырбекова Д.С., Имангулова Т.В., Омаров К.М. Туризм саласындағы мамандарды дайындауда «Жетісу өлкетануы» пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану //Абай атындағы ҚазҰПУ-ң хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2019. – №1 (60). – 448-450 б.

References

[1] Glaesser J. Competence in educational theory and practice: a critical discussion. *Oxford Review of Education*, (2018). <https://doi.org/doi:10.1080/03054985.2018.1493987> (otininim berilgen kuni: 08.10.2019).

[2] Braslavskaja O. & Roghi I. Interactions and hierarchies of the component composition of local lore competence of future geography teachers. *Paradigms of the Modern Educational Process: Opportunities and Challenges for Society* (1st ed.), 2019. <https://doi.org/10.36074/pmepocs.ed-1.02> (otininim berilgen kuni: 08.10.2019).

[3] Mazbayev O., Alieva L. & Demeuov A. Problematic issues of geographical education in Kazakhstan. *E3S Web of Conferences*, (2020). – 166(9):10032 <http://dx.doi.org/10.1051/e3sconf/202016610032> (otininim berilgen kuni: 08.10.2019).

[4] Zaporozhets, L. M. Training of future teachers for the use of educational and game technologies in the process of studying geography (Ph.D. thesis). Pavlo Tychyna Uman State Pedagogical University, Ukraine, 2015. – 127 p.

[5] Mukhtar A. Tolegena, Kussna R. Tumanovaa, Tatyana S. Shumeykoa, Saltanat A. Zhakaevaa, Kunssulu A. Zhakaevaa, Sulushash T. Aysina A. Technique for Formation of Future Teachers' Readiness for Their Professional and Pedagogic Cooperation. *International journal of environmental & Science education* 2016. – vol.11. – №9. – P.2595-2605. <http://dx.doi.org/10.12973/ijese.2016.709a> (otininim berilgen kuni: 08.10.2019).

[6] Iskander E. Yarmakeev, Tatiana S. Pimenova & Gulyusa R. Zamaletdinova. Teaching Local Lore in EFL Class: New Approaches. *International Journal of Environmental & Science Education*, 2016. – 11(6). – P.1213-1221. doi: 10.12973/ijese.2016.391a

[7] Demeuov, A., Mazbayev, O., Aukenova, G., Kholoshyn I., & Varfolomyeyeva I. Pedagogical possibilities of tourist and local history activities. *E3S Web of Conferences* 2021, 280, 11011 <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202128011011> (otininim berilgen kuni: 08.10.2019).

[8] Slastenin V.A., Isaev I.F., Shiyanov E.N., *Pedagogika: Uchebnoe posobie dlya studentov vysshih pedagogicheskikh uchebnyh zavedenij /Pod red. V.A. Slastenina.* – М.: Akademiya, 2002. – 576 б. [Elektronдық resurs]: URL: <https://pedlib.ru/Books/1/0075/index.shtml> (otininim berilgen kuni: 25.12.2021).

[9] Hutorskoj A.V. Klyuchevye kompetencii kak komponent lichnostno-orientirovannoj paradigmy obrazovaniya // *Narodnoe obrazovanie.* – 2003. – №2. – 58-64 б. [Elektronдық resurs]: URL: <http://www.char.ru/346/105286.htm> (otininim berilgen kuni: 08.10.2019).

[10] Il'in E.P. *Emocii i chuvstva.* – SPb.: Piter, 2001. – 752 б. [Elektronдық resurs]: URL: https://bookap.info/edu/ilin_emotsii_i_chuvstva_2001/bypage/2 (otininim berilgen kuni: 25.12.2021).

[11] Il'in E.P. *Motivaciya i motivy.* – SPb.: Piter, 2002. – 512 б. [Elektronдық resurs]: URL: <https://iknigi.net/avtor-evgeniy-ilin/32357-motivaciya-i-motivy-evgeniy-ilin/read/page-1.html> (otininim berilgen kuni: 25.12.2021).

[12] Dodonov B. I. *Emociya kak cennost'.* – М.: Politizdat, 1978. – 272 б. [Elektronдық resurs]: URL: https://pedlib.ru/Books/6/0322/6_0322-2.shtml#book_page_top (otininim berilgen kuni: 25.12.2021).

[13] Timets O.V. *Theory and practice of formation of professional competence of the future teacher of geography in the course of professional training: the dissertation of the Ph.D. of Pedagogical Sciences*, Uman, 2011. – 487 p.

[14] George M. *The Psychology of Emotion.* *Oxford Handbook of Political Psychology*, 2003. – 182-221 p.

[15] Gerasymova, I., Maksymchuk, B., Bilozeroва, M., Chernetska, Y., Matviichuk, T., Solovyov, V., & Maksymchuk, I. Forming professional mobility in future agricultural specialists: the sociohistorical context. *Revista Romaneasca pentru Educatie Multidimensionala*, 2019. – 11(4), – P.345-361. <http://lumenpublishing.com/journals/index.php/rrem/article/view/1604/pdf> (otininim berilgen kuni: 25.12.2021).

[16] Melnyk, N., Bidyuk, N., Kalenskyi, A., Maksymchuk, B., Bakhmat, N., Matviienko, O., Maksymchuk, I. Models and organizational characteristics of preschool teachers' professional training in some EU countries and Ukraine. *Proceedings of the Institute of Pedagogical Research*, 2019. – 51(1). – P.46-93. <https://ipisr.org.rs/images/pdf/zbornik-51/Natalija-Meljnik.pdf> (otininim berilgen kuni: 25.12.2021).

[17] Gubarenko A., Kadyrbekova D., Imangulova T., Luterovich O., Yespenbetov N. Questexcursion, asinter active form of providing excursion services in Kazakhstan. *GeoJournal of Tourism and Geosites*, 2020. – №2(4). – P.1402-1409. doi:10.30892/gtg.32431-587

[18] Shayahmetova G. M. Organizaciya turistsko-kraevedcheskoj deyatel'nosti so shkol'nikami v usloviyah turistskogo palatochnogo lagerya. Astana, 2014. [Elektronnyy resurs]: URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/sistemnyy-podhod-k-vospitaniyu-lichnosti-sredstvami-turistsko-kraevedcheskoj-deyatelnosti-doshkolnyu-shkolnyu-etapy/viewer> (otinim berilgen kuni: 25.12.2021).

[19] Kadyrbekova D.S., Imangulova T.V., Omarov K.M. Turizm salasyndagy mamandardy dajyndauda «Zhetysu olketanu» panin oqytuda innovaciyaalyq tekhnologiyalardy qoldanu //Abaj atyndagy QazUPU-n habarshysy «Tarih zhane sayasi-aleumettik gylymdar» seriyasy. – 2019. – №1 (60). – 448-450 b.

Компоненты формирования туристско-краеведческой компетенции будущих учителей географии

Е.Д. Исаков¹, О.Б. Мазбаев², Е.Р. Абикбаев¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

²Национальная академия образования им. И. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан)

Аннотация

В данной статье рассмотрены теоретические основы и компоненты подготовки студентов-географов к туристско-краеведческой работе на основе компетентностного подхода. Определена важность совершенствования мотивационных, активно-когнитивных и исследовательских компетенций в подготовке будущих учителей географии. Согласно аналитическому обзору исследований по организации профессиональной подготовки учителей географии, преподаватель географ проводит туристскую и краеведческую работу студентов. Выявлена важность компонентов мотивационной и эмоционально-ценностной; деятельностно-познавательной и предметно-профессиональной компетентности в приобретении и саморазвитии новых знаний и исследовательских компетенций для формирования туристско-краеведческих компетенций студентов географии. Разработана модель формирования туристско-краеведческих компетенций студентов-географов с использованием методов теоретического анализа, уточнения и обобщения. Было объяснено, что определяющими ценностями будущего учителя географии являются знания, уверенность, справедливость, самооценка, толерантность, творчество и интерес к труду - профессиональный опыт. Эти ценности необходимы будущим учителям географии для проведения туристско-краеведческой работы. Поэтому мы, развивая самостоятельное мышление студентов-географов, использовали специальные познавательные задачи для сравнения, установления логических связей. Подводя итоги, мы пришли к выводу, что география – одно из основных направлений реформы высшего образования, а технология формирования туристско-краеведческих компетенций – ценностей и мировоззрения, восприятия и понимания окружающей среды, ориентации, личностного самосовершенствования, приобретения знаний и опыта-позволяет студентам-географам вести туристско-краеведческую работу.

Ключевые слова: компетентностный компонент, студенты географии, туристско-краеведческая работа.

Components of the formation of the tourist and local lore competence of future geography teachers

Y. Issakov¹, O. Mazbayev², Y. Abikbayev¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

²I.Altynsarin National Academy of Education (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Abstract

In this article, the theoretical foundations and components of preparing geographer students for tourist and local lore work on the basis of a competency-based approach were considered. The importance of improving

motivational, active-cognitive and research competencies in the training of future geography teachers was determined. According to an analytical review of research on the organization of professional training of geography teachers, it was discussed that students are geographers who carry out tourist and local lore work. Motivational and emotional-value; active-cognitive and subject; the importance of the components of obtaining new professional knowledge, as well as the competence of self-development and research in the formation of tourist and local lore competencies of geographer students, was determined. A model of the formation of tourist and local lore competencies of geographer students using the methods of theoretical analysis, concretization and generalization has been developed. It was also explained that the defining values for the future geography teacher are knowledge, reliability, fairness, self-esteem, tolerance, creativity and interest in work-professional experience. These values are necessary for future geography teachers to conduct tourist and local lore work. Therefore, we, as geographers, developed the ability to think independently, supported special cognitive tasks for comparison, establishing logical connections. In conclusion, we came to the conclusion that geography is one of the main directions of the reform of higher education and the technology of forming tourist and local lore competencies-values and worldview, vision, perception and understanding of the environment, orientation, personal self - improvement, acquisition of knowledge and experience - allows geographer students to conduct tourist and local lore work.

Keywords: competence component, students of geography, tourist and local lore work.

Редакцияға 29.12.2021 қабылданды.

FTAMP 14.15.01

<https://doi.org/10.51889/2022-1.2077-6861.03>

У ЦЗУНЬМИНЬ¹, А.С. АКРАМОВА^{2*}, ЛЮ ЛИЦЗЮНЬ²

¹ Восточно-китайский педагогический университет (Шанхай, Китай),

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

zmwu@dedu.ecnu.edu.cn, Akramova_@mail.ru, www.623657331com@qq.com

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИНТЕГРАЦИИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ МЕЖДУ РК И КНР

Аннотация

В современном мире происходит концептуализация конкуренции великих держав в области государственной образовательной политики. Казахстан и КНР выступают передовыми и одними из сильных стран в регионе Центральной и Южной Азии. Геоэкономическая, социальная и культурная политика двух стран оказывает влияние на развитие не только стран данного региона, но и на политические и экономические события во всем мире. Мировые процессы глобализации, трансформация международных отношений оказывают влияние на процессы сотрудничества между РК и КНР. Трансформация международных отношений диктует современные подходы к развитию сотрудничества в области науки и образования двух стран.

Одной из основных задач в Китайско-Казахстанских отношениях остается укрепление сотрудничества в сфере образования, которое способствует развитию и внедрению образовательных инноваций, развития взаимоотношений двух стран. Согласование макроэкономической политики и многочисленных соглашений о сотрудничестве в области образования являются основой интегративных процессов между Китаем и Казахстаном. Институт Конфуция, представляющий собой культурные и образовательные центры, учреждения, открытые по всему миру, Шанхайская организация сотрудничества стали крупной